

Бұланды ауданы Журавлевка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы Журавлевка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қарашада № 8163 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 5 қазандағы қорытындысы негізінде, Журавлевка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бұланды ауданы Журавлевка ауылының көшелері қайта аталсын:

1) Октябрьская көшесі Астана көшесіне;

2) Ленин көшесі Береке көшесіне;

3) Чапаев көшесі Құлагер көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Журавлевка ауылдық округінің әкімі

Т.Гильгенберг